

Аққұлы ауданы Қызылағаш ауылдық округінің аумағында жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің санын бекіту туралы

Павлодар облысы Аққұлы аудандық мәслихатының 2024 жылғы 31 қантардағы № 72/17 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3 бабына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 23 маусымдағы "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" № 122 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32894 болып тіркелген) сәйкес, Аққұлы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Аққұлы ауданы Қызылағаш ауылдық округінің аумағында жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары осы шешімнің 1-косымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Аққұлы ауданы Қызылағаш ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің 2-косымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аққұлы аудандық мәслихатының төрағасы

А. Қасымова

Аққұлы аудандық  
мәслихатының 2024 жылғы  
31 қантардағы № 72/17  
шешіміне 1-косымша

**Аққұлы ауданы Қызылағаш ауылдық округінің аумағында жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары**

**1- тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Аққұлы ауданы Қызылағаш ауылдық округінің аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық бөлек жиындарын өткізудің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 23 маусымдағы № 122 бұйрығымен бекітілген жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгілік қағидаларына сәйкес әзірленді

және Аққулы ауданы Қызылағаш ауылдық округінің аумағындағы ауыл тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу тәртібін белгілейді.

## 2. Осы қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бөлек жергілікті қоғамдастықтың жиыны - ауыл тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы;

2) жергілікті қоғамдастық - шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін Қызылағаш ауылдық округінің аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы.

## 2-тaraу. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізуудің тәртібі

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін Қызылағаш ауылдық округтің аумағы Бесқарағай ауылының көшелеріне бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл көшелерінен үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Аққулы ауданының Қызылағаш ауылдық округтің әкімі ауыл ішінде жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын шақырады және өткізууді ұйымдастырады.

6. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу, орны және талқыланатын мәселелер туралы жергілікті қоғамдастықтың халқын Қызылағаш ауылдық округ әкімі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабардар етеді.

7. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын ашудың алдында тиісті көшенің қатысып отырған тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Кәмелетке толмағандардың, сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдардың, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатын адамдардың жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысуына жол берілмейді.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауылдық көшенде тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Аққулы ауданы Қызылағаш ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Аққулы ауданының Қызылағаш ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жергілікті қоғамдастық жиынның төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынның хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс беру арқылы хатшы сайланады.

9. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін көше тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Ақкулы аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының қатысушылары ұсынады.

10. Дауыс беру ашиқ тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп дауысын жинаған кандидаттар сайланды деп есептеледі.

Егер жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында дауыс беру кезінде қатысушылардың дауыстары тең бөлінген жағдайда, бөлек жиынның төрағасы шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

11. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынның хаттамасына төраға мен хатшы қол қояды және бөлек жиын өткізілген күннен бастап екі жұмыс қуні ішінде жиын хатшысы тіркеу үшін Қызылағаш ауылдық округі әкімінің аппаратына береді.

Жергілікті қоғамдастық жиынында немесе жергілікті қоғамдастық жиналышында хаттама жүргізіледі, онда:

1) жергілікті қоғамдастық жиынның немесе жергілікті қоғамдастық жиналышының өткізілетін күні мен орны;

2) тиісті көшеде тұратын және жергілікті қоғамдастық жиынына немесе жергілікті қоғамдастық жиналышына қатысуға құқығы бар жергілікті қоғамдастық мүшелерінің жалпы саны;

3) қатысушылардың саны және олардың тегі, аты, экесінің аты (ол болған жағдайда) көрсетілген тізімі;

4) жергілікті қоғамдастық жиынның немесе жергілікті қоғамдастық жиналышының төрағасы мен хатшысының тегі, аты, экесінің аты (ол болған жағдайда);

5) күн тәртібі, сөйленген сөздердің мазмұны және қабылданған шешімдер көрсетіледі.

Ақкулы аудандық  
мәслихатының 2024 жылғы  
31 қантардағы № 72/17  
шешіміне 2-қосымша

### **Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Ақкулы ауданы Қызылағаш ауылдық округі ауылының тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы**

P/c №	Ауылдың көше атаулары	Бесқарағай ауылының тұрғындары жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерінің саны (адам)
1	Балғабай Оспанов көшесі	1
2	Жанпейс Сыздықов көшесі	1
3	Пушкин көшесі	1
4	Абай көшесі	1
5	Айып Құсайынов көшесі	1

6	1 Мамыр көшесі	1
7	Жағалау көшесі	1
8	Максим Горький көшесі	1
9	Жұмабек Жангожин көшесі	1
10	Подпук көшесі	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК